







Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
Сәулет-аналитикалық	02.02.2022ж.- 28.02.2022ж.				
Есептік- конструктивтік		21.02.2022ж.- 18.03.2022ж.			
Ұйымдастыру- технологиялық			14.03.2022ж.- 15.04.2022ж.		
Экономикалық				11.04.2022ж.- 18.04.2022ж.	
Алдын ала қорғау	12.05.2022ж.-19.05.2022ж.				
Антиплагиат, нормобақылау	20.05.2022ж.-31.05.2022ж.				
Сапаны бақылау	26.05.2022ж.-31.05.2022ж.				
Қорғау	06.06.2022ж.-16.06.2022ж.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік-аналитикалық	Танирбергенова А.А.	02.02.2022	
Есептік-конструктивтік	Танирбергенова А.А..	18.03.2022	
Ұйымдастыру-технологиялық	Танирбергенова А.А.	15.04.2022	
Экономикалық	Танирбергенова А.А.	18.04.2022	
Нормабақылау	Шанбаев М.Ж.	10.06.2022	
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В.	10.06.2022	

Ғылыми жетекшісі _____

(колы)

Танирбергенова А.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____

(колы)

Үгініс Ә.Е.

Күні «10» 09 2022ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҮГІНІС ӘДІЛБЕК ЕСЕТҰЛЫ

Қарағанды қаласындағы студенттерге арналған заманауи жатахана

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2022

АНДАТПА

Қарағанды қаласындағы студенттерге арналған заманауи жатақхана қаланың ортаңғы бөлігінде, Абай көшесі бойында орналасқан.

Мектептің сәулеттік бөлімі Revit 2021 программасында сызылды.

Есептік-құрылымдық бөлім Лира САПР 2013 коммерциялық емес версиясымен тұрғызылды. Мектептің жобалық схемасы сызылды. Оған жүктемелер мен жүктемелердің үйлесімі тағайындалды. Бұл бағдарламадан қажетті есептеулер алып, ғимараттың көтергіштігіне сәйкес келетін шешімдер қабылдады.

Экономикалық бөлімі ABC-4 программасында орындалды.

АННОТАЦИЯ

Современное общежитие для студентов городе Караганды расположен в средней части города по улице Абая.

Архитектурная часть школы была нарисована в программе Revit 2021.

Расчетно-структурное подразделение построено по некоммерческой версии "ЛИРА САПР 2013".. Вычерчена расчетная схема школы. Ему было назначено сочетание нагрузок и нагрузок. Получив необходимые расчеты из этой программы, он принял решения, соответствующие несущей способности здания.

Экономический отдел выполнен по программе ABC-4.

ANNOTATION

The modern dormitory for students in the city of Karaganda is located in the middle part of the city on Abai Street.

The architectural part of the school was drawn in the Revit 2021 program.

The settlement and structural division was built according to the non-commercial version of "LIRA CAD 2013".. The calculation scheme of the school is drawn. He was assigned a combination of loads and loads. Having received the necessary calculations from this program, he made decisions corresponding to the bearing capacity of the building.

The economic department is executed according to the ABC-4 program.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Сәулеттік-аналитикалық бөлім	9
1.1 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы	9
1.2 Ғимараттың сәулеттік шешімдерінің сипаттамасы	9
1.3 Құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдайын талдау	9
1.4 Қоршау құрылымының жылу техникалық есебі	9
1.5 Ғимараттың инженерлік жүйелерінің сипаттамасы	11
1.6 Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажетті шаралары	12
1.7 Ғимараттың конструкциялық жүйесін таңдау	13
1.8 Іргетастың нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу	16
2 Есептік-құрылымдық бөлім	14
2.1 Жалпы мәліметтер	14
2.2 Жүктемелердің түрлері	14
2.3 Жүктемелерді жинақтау. Жүктемелердің комбинациясын құру	14
2.3.1 Еден жүктемелерін жинақтау	14
2.3.2 Қабырға жүктемелерін жинақтау	15
2.3.3 Аражабынға уақытша жүктеме анықтау	16
2.3.4 Қар жүктемесін анықтау	16
2.3.5 Есептік желдің әсерін анықтау	16
2.4 Катаңдық кестесі	18
2.5 Жүктемелердің комбинациясын құру	19
2.5 Ғимараттың кеңістіктегі моделі және есептік схемасы	22
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы	24
3.1 Жұмыс көлемін анықтау	24
3.2 Құрылыс алаңын жарықтандыруды есептеу	24
3.3 Су қажеттілігін есептеу	25
3.4 Уақытша ғимараттар мен қойма аудандарының қажеттілігін есептеу	25
3.5 Электр қажеттілігін есептеу	26
3.6 Құрылыс алаңында автокөлік қозғалысын ұйымдастыру	27
3.7 Жұмыс жүргізудің күнтізбелік кестесі	27
3.8 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	27
4 Экономикалық бөлім	29
Қорытынды	30
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	31
Қосымшалар	32
А Қосымшасы. Ұстынды арматуралау және құрылымдау	33
Б Қосымшасы. Құрылымдарды деформацияға тексеру	36
В Қосымшасы. Құрылыс техникаларын таңдау	37
Г Қосымшасы. Құрылыс құнының есептері	46

КІРІСПЕ

Құрылыстың жалпы негізгі мақсаты-қолайлығы мен жайлылығы қоғамның әлеуметтік даму деңгейімен, оның мәдениеттегі, ғылымдағы және техникадағы жетістіктерімен анықталатын адамзаттың жайлы өмірі үшін қажетті өмір сүру ортасын құру.

Құрылыс-бұл өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы ғимараттарды, имараттарды және құрылымдарды құру процесі.

Болашақ ғимараттың құрылысының сапасы мен сәулеттік келбеті көбінесе көлемдік жоспарлау мен құрылымдық шешімдеріне байланысты, осыған байланысты дипломдық жобада бұл мәселелерге көп назар аударылды.

Қарағанды қаласындағы студенттерге арналған заманауи жатақхана қаланың ортаңғы бөлігінде, Абая көшесі бойында орналасқан.

Жатақхананың сәулеттік бөлімі Revit 2021 программасында сызылды.

Есептік-құрылымдық бөлім Лира САПР 2013 коммерциялық емес версиясымен тұрғызылды. Мектептің жобалық схемасы сызылды. Оған жүктемелер мен жүктемелердің үйлесімі тағайындалды. Бұл бағдарламадан қажетті есептеулер алып, ғимараттың көтергіштігіне сәйкес келетін шешімдер қабылдады.

Экономикалық бөлімі ABC-4 программасында орындалды.

1 Сәулеттік-аналитикалық бөлім

1.1 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы

Қарағанды қаласы құрылыс үшін Қазақстан Республикасының аумағын климаттық аудандастырудың схемалық картасы бойынша ІВ ауданына кірді.

Қарағанды қаласы ІВ ауданы бойынша климатологиялық мәліметтер:

- қаңтар айындағы орташа айлық ауа температурасы – $(-13,6)^{\circ}\text{C}$;
- шілде айында ауаның орташа айлық температурасы – $20,4^{\circ}\text{C}$;
- орташа жылдық салыстырмалы ылғалдылық – 65%;
- жел ауданы – II;
- жел қысымы – 0,39 кПа, желдің негізгі жылдамдығы – 25 м/с;
- қар ауданы – II, қар жүктемесі – 1,2 кПа;
- құрылыс аумағының сейсмикалығы – 5 балл.

1.2 Ғимараттың сәулеттік шешімдерінің сипаттамасы

Бас жоспардың сәулет-жоспарлау шешімдері жобаланатын ғимараттың мақсатына сәйкес әзірленді. Қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайларды және алаңдарды қамтамасыз ету үшін абаттандыру және көгалдандыру бойынша іс-шаралар кешені белгіленген.

Құрылыстан бос учаскелерде газон, еркін өсетін бұталар, гүлзарлар, қатардағы жапырақты ағаштар отырғызу көзделеді.

Жер асты сумен жабдықтау, кәріз, электр кабельдері және жылу желілері арнада жобаланған. инженерлік желілерді осындай төсеу пайдалану процесінде оларға қызмет көрсетудің ыңғайлылығын қамтамасыз етеді.

1.3 Құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдайын талдау

Топырақ түрі – саздақ (суглинок). Саздақтың физико-механикалық қасиеттері:

- $\gamma = 18,9\text{кН/м}^2$
- $\varphi_0 = 22^{\circ}$
- $c = 8\text{ кПа}$

1.4 Қоршау құрылымының жылу техникалық есебі

Жылу техникалық есепті ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құрылыстық жылу техникасы» құжаттамасына бойынша шығарамыз.

1 Кесте- Сыртқы қабырға бөлімдері

Қабырға қабаттары	қабат қалыңдығы δ , м	материалдардың жылу сіңіргіштік S , / Вт(м °С) (Л Қосымшасы)	материалдардың жылу өткізгіштік λ , / Вт(м °С) (Л Қосымшасы)
Декаративті шкатурка	0,02	9,6	0,7
Газоблок	0,2	6,6	0,4
Стекловата	0,03	0,65	0,4
Нрl панель	0,01	4,26	0,15

Конструкцияның жылу берілуіне керек қарсылық

$$R_0^{тр} = \frac{n(t_B - t_H)}{\Delta t^H \cdot \alpha_B} = \frac{1 \cdot (18 - (-35,7))}{4 \cdot 8,7} = 1,54$$

Қоршау конструкциясының D жылу инерциясын:

$$D = R_1 \cdot S_1 + R_2 \cdot S_2 + R_3 \cdot S_3 + R_4 \cdot S_4 = 0,029 \cdot 9,6 + 0,5 \cdot 6,6 + 0,075 \cdot 0,65 + 0,067 \cdot 4,26 = 3,91$$

$$1,5 \leq D \leq 4 \text{ (шамалы инерционность)}$$

Қабаттардың термикалық кедергісі

$$R_1 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,02}{0,7} = 0,029$$

$$R_2 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,2}{0,4} = 0,5$$

$$R_3 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,03}{0,4} = 0,075$$

$$R_4 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,01}{0,15} = 0,067$$

мұндағы δ – қабат қалыңдығы, м

λ – жылу өткізгіштіктің есептік коэффициенті

Құрылымның R_0 жылу берілісінің кедергісі:

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_B} + R_K + \frac{1}{\alpha_H} = \frac{1}{8,7} + 3,91 + \frac{1}{23} = 4,06$$

$$R_0^{тр} = 1,54 < R_0 = 4,06$$

Шарт орындалды, сыртқы қабырға климаттық жағдайларына келеді.

1.5 Ғимараттың таңдалған инженерлік жүйелерінің сипаттамасы

Жылыту және ыстық сумен жабдықтау магистральдық жылу желілерінен жасалған, төменгі сымдары бар. Жылыту құрылғылары конвектор ретінде қызмет етеді. Әрбір секцияға жылу тасымалдағышты реттеу және есепке алу үшін жеке жылу торабы орындалады.

Суық сумен жабдықтау екі кірісі бар кварталішілік сумен жабдықтау коллекторынан жобаланған. Тұрақтың айналасында өрт гидранттары орнатылған құдықтары бар магистральдық өрт сөндіру шаруашылық-ауыз су құбыры орындалады.

Кәріз квартал ішіндегі кәріз құдықтарына ойылып, аулаішілік орындалады. Желдету. Заманауи сору желдеткіші жасалды.

Электрмен жабдықтау. Қуатты жабдықтың қоректендіру және тарату желілері еденге жасырылған винипласт құбырларында АҚҚ сымымен орындалады.

Электр желісі ұзақ жол берілетін ток жүктемесі бойынша есептелген және кернеудің жоғалуы бойынша тексерілген.

1.6 Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажетті шаралары

Тәжірибе көрсеткендей, қысқы кезеңдерде жылу энергиясының шамамен 40 пайыз көшедегі ауаны жылытуға жұмсалады. Осы мөлшердің орташа есеппен 40 пайызы сыртқы қабырғаларға, 20 пайызы терезе мен есіктерге, 20 пайызы шатырға, 20 пайызы жертөле мен желдету жүйесіне келеді. Осы энергия шығындарын барынша азайту үшін энергия тиімділігін арттыру бойынша мынадай іс-шаралар қабылданамыз:

- жылу оқшаулаудың ажырағысыз контурын жасай отырып, қоршау конструкцияларын оқшаулау;
- көптеген жылдар бойы өз сапасын сақтайтын берік жылу оқшаулағыш таңдау;
- энергия үнемдейтін шыныпакеттері бар терезелерді орнату;
- пәтерлерге және кіреберістерге жылу оқшаулағыш кіру есіктерін орнату;
- кірме есіктерді ашық күйінде қалдыруға жол бермейтін жетектерді орнату;

Баламалы энергия көздерін пайдалану ғимараттың көлемдік-жоспарлау құрылымына әсер етеді. Ақтау қаласының климаттық деректеріне сүйене отырып, жел генераторлары мен күн коллекторларын пайдалану ұтымды шешім болып табылады. Бірақта тұрғын үй кешені аз этажды болғандықтан жел энергиясын пайдалану тиімсіз, күн энергиясын қолдану тиімді болады.

Пластинуға шашыратылған кремний құрамын қыздыру арқылы күн энергиясын электр энергиясына ауыстырудың ең көп таралған нұсқасы. Ол көп қабатты және аз қабатты құрылыста қолданылады. Екінші нұсқа-күн энергиясын

құбырлардағы салқындатқышты жылыту арқылы жылуға ауыстыру. Шешім көбінесе жылыту және ыстық сумен жабдықтау үшін аз және орташа қабатты ғимараттарда қолданылады. Жақында гелиопанельдердің жаңа буыны - "интеграцияланған құрылыс фотоэлектрлік модульдері" пайда болды. Олардың басты ерекшелігі ғимараттың кез-келген бетіне орнату мүмкіндігі: шатыр, көлбеу жазықтық, тік қабырға немесе әйнек. Күн сәулесін өткізуге және сонымен бірге күн энергиясын түрлендіруге қабілетті мөлдір панельдер ерекше қызығушылық тудырады.

Осылайша, тұрғын үй ғимараттарының архитектурасында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану экологиялылығымен, энергия тиімділігімен, сыртқы келбетінің даралығымен және жоғары сәулет-эстетикалық деңгейімен ерекшеленетін жаңа буындағы тұрғын үйлер құруға мүмкіндік береді.

1.7 Ғимараттың конструкциялық жүйесін таңдау

Фундамент плитасының қалыңдығын 0,5 м.

Ригельдердің биіктігі мен ені:

$$h = \left(\frac{1}{12} \div \frac{1}{15} \right) \cdot 6 \text{ м} = 0,5 \text{ м}$$

$$h = \left(\frac{1}{12} \div \frac{1}{15} \right) \cdot 6 \text{ м} = 0,45 \text{ м}$$


$$b = (0,3 \div 0,5) \cdot 0,45 \text{ м} = 0,2 \text{ м}$$

Жабын қалыңдығы:

$$h = \left(\frac{1}{45} \div \frac{1}{50} \right) \cdot 6 \text{ м} = 0,12 \text{ м} < 0,2 \text{ м}$$

Жабын плитасының қалыңдығын 200 мм қабылдаймыз.

Баған өлшемін 0,4 × 0,4 м қабылдаймыз.



1 Сурет-Қабылданған құрылымдар

1.8 Іргетастың нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу

Іргетасты қою тереңдігі:

$$d = d_0 \sqrt{\sum_{i=1}^n M_i} = 0,23 \sqrt{49,2} = 1,61 \text{ м}$$

Саздақ үшін $d_0 = 0,23$.

Қыс ішіндегі абсолюттік мәндерінің сомасына тең коэффициент:

$$M_i = 13,6 + 13,2 + 5,6 + 4,8 + 11 = 49,2$$

2 Есептік-құрылымдық бөлім

2.1 Жалпы мәліметтер

«Қарағанды қаласындағы студенттерге арналған заманауи жатақхана» объектісінің есептік-құрылымдық бөлімін есептеу "Лири САПР 2016" арқылы жүзеге асырылады

Бастапқы мәліметтер:

-Ғимарат өлшемі-27x25 м;

-Қабат саны-10;

-Қабат биіктігі-3 м;

-Фундамент қалыңдығы-50 мм;

-Колонна өлшемі-400x400мм;

-Қабат аралық плиталарының қалыңдығы-200 мм.

2.2 Жүктемелердің түрлері

Бағдарламаға төменгі кесте бойынша жүктемелер берілді.

2 Кесте-Бағдарламаға берілген жүктемелер

Жүктеме №	Атауы	Түрі
1	Меншікті салмақ	Тұрақты, G
2	Еденнен жүктеме	Тұрақты, G
3	Қабырғалардан жүктеме	Тұрақты, G
4	Топырақтан көлденең қысым	Тұрақты, G
5	Аражабынға түсетін уақытша жүктеме	Уақытша, Q
6	Жабынға түсетін қар жүктемесі	Уақытша, Q
7	X бойынша жел жүктемелері	Уақытша, Q
8	-X бойынша жел жүктемелері	Уақытша, Q
9	У бойынша жел жүктемелері	Уақытша, Q
10	-У бойынша жел жүктемелері	Уақытша, Q

2.3 Жүктемелерді жинақтау.

2.3.1 Еден жүктемелері

Еден жүктемелері есептелу керек.

3 Кесте-Перекрытия еденінен жүктеме

Слой	Материал	Тығыздығы $\gamma, \text{т/м}^3$	Қалыңдығы $\delta, \text{м}$	Жүктеме $G_k, \text{т/м}^2$
1	Ламинат	1,10	0,012	0,0132
2	Полиэтиленді пленка	0,70	0,002	0,0014
3	Стяжка	2,00	0,030	0,0600
4	Теплоизоляция URSA XPS	0,035	0,050	0,0018
Барлығы				0,0764

4 Кесте-Покрытия еденінен жүктеме

Слой	Материал	Тығыздығы $\gamma, \text{т/м}^3$	Қалыңдығы $\delta, \text{м}$	Жүктеме $G_k, \text{т/м}^2$
1	Битумды гидроизоляция	1,500	0,020	0,0300
2	Пенополистирол	0,035	0,030	0,0011
3	Рубероид	1,700	0,025	0,0425
4	Стяжка	2,000	0,030	0,0600
Барлығы				0,1336

2.3.2 Қабырға жүктемелерін жинақтау

Қабырғадан түсетін жүктемелерді есептелу керек.

5 Кесте-Сыртқы қабарғадан жүктемелер жинау

Слой	Материал	Тығыздығы $\gamma, \text{т/м}^3$	Қалыңдығы $\delta, \text{м}$	Жүктеме $G_k, \text{т/м}^2$
1	Нр1 панель	0,10	0,0012	0,00012
2	Стекловата	0,03	0,03	0,0009
3	Газобетон	0,50	0,2	0,1
4	Шкатурка	1,50	0,025	0,0375
5	Декоративті шкатурка	1,01	0,01	0,0101
Барлығы				0,14862

$$q = \sum_{i=0}^n G_k \cdot (h_{\text{этаж}} - h_{\text{ригель}}) = 0,14862 \text{ т/м}^2 \cdot 2,5 \text{ м} = 0,372 \text{ т/м}$$

$$q = \sum_{i=0}^n G_k \cdot h = 0,14862 \text{ т/м}^2 \cdot 1 \text{ м} = 0,149 \text{ т/м}$$

6 Кесте-Ішкі қабарғадан жүктемелер жинау

Слой	Материал	Тығыздығы $\gamma, \text{т/м}^3$	Қалыңдығы $\delta, \text{м}$	Жүктеме $G_k, \text{т/м}^2$
1	Декоративті шкатурка	1,01	0,01	0,0101
2	Шкатурка	1,50	0,025	0,0375
3	Газобетон	0,50	0,2	0,1
4	Шкатурка	1,50	0,025	0,0375
5	Декоративті шкатурка	1,01	0,01	0,0101
Барлығы				0,195

$$q = \sum_{i=0}^n G_k \cdot (h_{\text{этаж}} - h_{\text{ригель}}) = 0,195 \text{ т/м}^2 \cdot 2,5 \text{ м} = 0,488 \text{ т/м}$$

2.3.3 Аражабынға уақытша жүктеме анықтау

6.1 кесте [2] бойынша

- ғимарат категориясы-А.
- перекрытияға уақытша жүктемелер:

$$Q_H = 2 \text{ кН} = 0,204 \text{ т}$$

$$q_H = 2 \text{ кН/м}^2 = 0,204 \text{ т/м}^2$$

2.3.4 Қар жүктемесін анықтау

Қар жүктемесін анықтау [3]:

$$S = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot S_k = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,2 = 0,96 \text{ кПа} = 0,0979 \text{ т/м}^2$$

2.3.5 Есептік желдің әсерін анықтау

Х бағыты бойынша жел жүктемесі

Жел жақ бетіндегі сыртқы қысым (D аймағы):

Ғимарат биіктігі $z_e = 27 \text{ м}$.

7.2.2(1) - әдістемесі бойынша:

$$h = 27 \text{ м} = b = 27 \text{ м}$$

Жел қысымы w_e :

$$w_e = q_p(z_e) c_{pe} \quad (2.3.1)$$

мұндағы $c_{pe} = +0,8$ - аэродинамикалық коэффициенті

$q_b=0,56$ кПа III-ші аймақтағы жел жылдамдығы:

Д аймағы:

$$Z_e = 27 \text{ м} \quad C_e(27) = 2,7 \quad W_e = 0,8 \cdot 390 \cdot 2,7 = 842,4 \text{ Па} = 0,086 \text{ т/м}^2$$

Қабаттағы арқалыққа әсер ететін жүктемелер

1-8-ші қабаттарға

$$P = 0,086 \cdot 3 = 0,258 \text{ т/м}$$

9-ші қабатқа

$$P = 0,086 \cdot 2,5 = 0,215 \text{ т/м}$$

Е аймағы :

$$Z_e = 27 \text{ м} \quad C_e(27) = 2,7 \quad W_e = -0,5 \cdot 390 \cdot 2,7 = -536,5 \text{ Па} = -0,054 \text{ т/м}^2$$

Қабаттағы арқалыққа әсер ететін жүктемелер

1-8-ші қабаттарға

$$P = -0,054 \cdot 3 = -0,162 \text{ т/м}$$

9-ші қабатқа

$$P = -0,054 \cdot 2,5 = -0,135 \text{ т/м}$$

А аймағы:

$$Z_e = 27 \text{ м} \quad C_e(27) = 2,7 \quad W_e = -1,2 \cdot 390 \cdot 2,7 = -1263,6 \text{ Па} = -0,129 \text{ т/м}^2$$

Қабаттағы арқалыққа әсер ететін жүктемелер

1-8-ші қабаттарға

$$P = -0,129 \cdot 3 = -0,387 \text{ т/м}$$

9-ші қабатқа

$$P = -0,129 \cdot 2,5 = -0,326 \text{ т/м}$$

Жел қысымы В аймағы мынаған тең:

$$Z_e = 27 \text{ м} \quad C_e(27) = 2,7 \quad W_e = -0,8 \cdot 390 \cdot 2,7 = -842 \text{ Па} = -0,086 \text{ т/м}^2$$

Қабаттағы арқалыққа әсер ететін жүктемелер

1-8-ші қабаттарға

$$P = -0,086 \cdot 3 = -0,258 \text{ т/м}$$

9-ші қабатқа

$$P = -0,08 \cdot 2,65 = -0,215 \text{ т/м}$$

У бағыты бойынша жел әсері

Жел жақ бетіндегі сыртқы қысым (D аймағы):

Ғимарат биіктігі $z_e = 25$ м.

7.2.2(1) - әдістемесі бойынша:

$$h = 27 \text{ м} \approx b = 25 \text{ м}$$

Д аймағы:

$$Z_e = 27 \text{ м} \quad C_e(27) = 2,7 \quad W_e = 0,8 \cdot 390 \cdot 2,7 = 842,4 \text{ Па} = 0,086 \text{ т/м}^2$$

Қабаттағы арқалыққа әсер ететін жүктемелер

1-8-ші қабаттарға

$$P = 0,086 \cdot 3 = 0,258 \text{ т/м}$$

9-ші қабатқа

$$P = 0,086 \cdot 2,5 = 0,215 \text{ т/м}$$

Е аймағы :

$$Z_e = 27 \text{ м} \quad C_e(27) = 2,7 \quad W_e = -0,5 \cdot 390 \cdot 2,7 = -536,5 \text{ Па} = -0,054 \text{ т/м}^2$$

Қабаттағы арқалыққа әсер ететін жүктемелер

1-8-ші қабаттарға

$$P = -0,054 \cdot 3 = -0,162 \text{ т/м}$$

9-ші қабатқа

$$P = -0,054 \cdot 2,5 = -0,135 \text{ т/м}$$

А аймағы:

$$Z_e = 27 \text{ м} \quad C_e(27) = 2,7 \quad W_e = -1,2 \cdot 390 \cdot 2,7 = -1263,6 \text{ Па} = -0,129 \text{ т/м}^2$$

Қабаттағы арқалыққа әсер ететін жүктемелер

1-8-ші қабаттарға

$$P = -0,129 \cdot 3 = -0,387 \text{ т/м}$$

9-ші қабатқа

$$P = -0,129 \cdot 2,5 = -0,326 \text{ т/м}$$

Жел қысымы *В аймағы* мынаған тең:

$$Z_e = 27 \text{ м} \quad C_e(27) = 2,7 \quad W_e = -0,8 \cdot 390 \cdot 2,7 = -842 \text{ Па} = -0,086 \text{ т/м}^2$$

Қабаттағы арқалыққа әсер ететін жүктемелер

1-8-ші қабаттарға

$$P = -0,086 \cdot 3 = -0,258 \text{ т/м}$$

9-ші қабатқа

$$P = -0,08 \cdot 2,65 = -0,215 \text{ т/м}$$

2.4 Катандық кестесі

Лира бағдарламасынан қабалданған қатаңдық кестесін аламыз.

7 Кесте-Лирадан алынған қатаңдық кестесі

Таблица жесткостей		
Тип жесткости	Имя	Параметры (сечения-(см) жесткости-(т,м)
1	Пластина Н 45 (Фундамент)	$E=3.16e+006, V=0.2, H=45, R_o=2.5$
2	Пластина Н 20	$E=3.16e+006, V=0.2, H=20, R_o=2.5$
3	Брус 40 X 40 (колонна)	$R_o=2.5, E=3.16e+006, GF=0$ $V=40, H=40$
4	Брус 20 X 50 (ригель численная ось)	$R_o=2.5, E=3.16e+006, GF=0$ $V=20, H=50$
5	Брус 20 X 45 (ригель буквенная ось)	$R_o=2.5, E=3.16e+006, GF=0$ $V=20, H=45$

2.5 Жүктемелердің комбинациясын құру

(6.10) теңдеуі [10] бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_p P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum_{i \geq 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (2.5.1)$$

8 Кесте-(6.10) теңдеуінен РСН таблицасы

РСН 1	РСН 2	РСН 3	РСН 4	РСН 5	РСН 6	РСН 7	РСН 8	РСН 9	РСН 10	РСН 11	РСН 12
1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
1.50	1.50	1.50	1.50	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05
1.05	1.05	1.05	1.05	1.50	1.50	1.50	1.50	1.05	1.05	1.05	1.05
0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	1.50	0.00	0.00	0.00
0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	1.50	0.00	0.00
0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	1.50	0.00
0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	1.50

6.10а) теңдеуі [10] бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_p P + \gamma_{Q,1} \psi_{0,1} Q_{k,1} + \sum_{i \geq 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (2.5.2)$$

9 Кесте- (6.10а) теңдеуінен РСН таблицасы

РСН 13	РСН 14	РСН 15	РСН 16	РСН 17	РСН 18	РСН 19	РСН 20	РСН 21	РСН 22	РСН 23	РСН 24
1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05
1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05
0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00
0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00
0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00
0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90

(6.10в) теңдеуі [10] бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} \xi_j \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_p P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum_{i \geq 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (2.5.3)$$

10 Кесте- (6.10в) теңдеуінен РСН таблицасы

РСН 25	РСН 26	РСН 27	РСН 28	РСН 29	РСН 30	РСН 31	РСН 32	РСН 33	РСН 34	РСН 35	РСН 36
1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15
1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15
1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15
1.50	1.50	1.50	1.50	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05
1.05	1.05	1.05	1.05	1.50	1.50	1.50	1.50	1.05	1.05	1.05	1.05
0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	1.50	0.00	0.00	0.00
0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	1.50	0.00	0.00
0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	1.50	0.00
0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	0.90	0.00	0.00	0.00	1.50

(6.14в) теңдеуі [10] бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + Q_{k,1} + \sum_{i \geq 1} \psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (2.5.4)$$

11 Кесте- (6.14в) теңдеуінен РСН таблицасы

РСН 37	РСН 38	РСН 39	РСН 40	РСН 41	РСН 42	РСН 43	РСН 44	РСН 45	РСН 46	РСН 47	РСН 48
1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00
1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00
1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00	1.00
1.00	1.00	1.00	1.00	0.70	0.70	0.70	0.70	0.70	0.70	0.70	0.70
0.70	0.70	0.70	0.70	1.00	1.00	1.00	1.00	0.70	0.70	0.70	0.70
0.60	0.00	0.00	0.00	0.60	0.00	0.00	0.00	1.00	0.00	0.00	0.00
0.00	0.60	0.00	0.00	0.00	0.60	0.00	0.00	0.00	1.00	0.00	0.00
0.00	0.00	0.60	0.00	0.00	0.00	0.60	0.00	0.00	0.00	1.00	0.00
0.00	0.00	0.00	0.60	0.00	0.00	0.00	0.60	0.00	0.00	0.00	1.00


(6.16в) теңдеуі [10] бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + \sum_{i \geq 1} \psi_{2,i} Q_{k,i} \quad (2.5.5)$$

12 Кесте- (6.16в) теңдеуінен РСН таблицасы

Жүктеме №	Атауы	РСН 49
1	Меншікті салмақ	1.00
2	Еденнен жүктеме	1.00
3	Қабырғалардан жүктеме	1.00
4	Аражабынға түсетін уақытша жүктеме	0.60
5	Жабынға түсетін қар жүктемесі	0.20
6	X бойынша жел жүктемелері	0.00
7	-X бойынша жел жүктемелері	0.00
8	У бойынша жел жүктемелері	0.00
9	-У бойынша жел жүктемелері	0.00

2.6 Ғимараттың кеңістіктегі моделі және есептік схемасы



2 Сурет-Ғимараттың кеңістіктегі моделі

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы

3.1 Жұмыс көлемін анықтау

13 Кесте – Жұмыс көлемін анықтау

Конструкция атауы	Конструкция саны	Құйылатын бетон қоспасының көлемі, м ³	
		Бір конструкцияға	Жиынтығы
Іргетастар			
Фм1	1	364	364
Ұстындар			
Км1	489	0,48	234,72
Арқалықтар			
Рм1	9	2,5	22,5
Рм2	6	2,43	14,6
Стм1	10	14,6	146
Баспалдақ			
Лм1	20	2,43	48,6
Аражабын және жабын			
Пм1	10	132,5	1325
Пм2	1	5,4	5,4

3.2 Құрылыс алаңын жарықтандыруды есептеу

Құрылыс ауданы $S = 7396 \text{ м}^2$.

Жұмыс жасауға қолайлы жарықтандыру нормасы $P_{уд} = 0,4 \text{ м}^2$.

Прожектор түрі ПЗС – 45

Жарық көзі ЛН 220 -1000

Шам қуаты $P_{лампа} = 1000 \text{ Вт}$

Прожекторлар саны:

$$N = \frac{P_{уд} \cdot S}{P_{лампа}} = \frac{0,4 \cdot 7396}{1000} = 2,95 \approx 3 \text{ шт}$$

Прожектордың ең минимум биіктігі:

$$h_{п} = \sqrt{\frac{I_{MAX}}{300}} = \sqrt{\frac{30000}{300}} = 10 \text{ м}$$

Қажетті қуат:

$$P = P_{лампа} \cdot N = 1000 \cdot 3 = 3000 \text{ Вт}$$

3.3 Су қажеттілігін есептеу

Жалпы су шығыны:

$$Q_{\text{общ}} = Q_{\text{пож.}} + Q_{\text{произ.}} + Q_{\text{хоз.}} = 10 + 0,33 + 0,61 = 10,94 \text{ л/с}$$

Өрт сөндіруге арналған су шығыны:

- 10 гектарға дейін – $Q_{\text{пож}} = 10 \text{ л/с}$.

Өндіріске арналған су шығыны:

$$Q_{\text{произ.}} = \sum \frac{q_{\text{пр}} \cdot k_{\text{ч}}}{t \cdot 3600} = \frac{400 \cdot 1,5}{0,5 \cdot 3600} = 0,33 \text{ л/с}$$

Шаруашылық пен тұрмыстыққа арналған су шығыны:

$$Q_{\text{хоз.}} = N \cdot \frac{n_1 \cdot k_1 + n_2 \cdot k_2}{8 \cdot 3600} = 150 \cdot \frac{25 \cdot 2,7 + 50 \cdot 0,4}{8 \cdot 3600} = 0,61 \text{ л/с}$$

Уақытша пайдаланылатын су құбырларының диаметрі (мм):

- Өрт сөндіруге арналған шығынын есептеумен:

$$D = \sqrt{\frac{4 \cdot Q_{\text{общ}} \cdot 1000}{\pi \cdot v}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 10,94 \cdot 1000}{3,14 \cdot 2}} = 83,48 \text{ мм}$$

$$D_n = 90 \text{ мм}$$

$$e_{y,\text{min}} = 8,2 \text{ мм}$$

- Өрт сөндіруге арналған су шығынын есептеусіз:

$$D = \sqrt{\frac{4 \cdot Q_{\text{общ}} \cdot 1000}{\pi \cdot v}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 0,94 \cdot 1000}{3,14 \cdot 2}} = 24,49 \text{ мм}$$

$$D_n = 25 \text{ мм}$$

$$e_{y,\text{min}} = 3 \text{ мм}$$

3.4 Уақытша ғимараттар мен қойма аудандарының қажеттілігін есептеу

Персоналға арналған кеңсе үй-жайларының жалпы ауданы:

$$S_{\text{адм.}} = S_{\text{н}} \cdot N = 4 \cdot 12 = 48 \text{ м}^2$$

Санитариялық мақсаттағы:

- Гардиероб:

$$S_{\text{гар.}} = S_{\text{н}} \cdot N = 0,6 \cdot 150 = 90 \text{ м}^2$$

- Душ:

$$S_{\text{душ}} = S_{\text{н}} \cdot N = 0,065 \cdot 150 = 123 \text{ м}^2$$

- Қолжуғыш:

$$S_{\text{умы.}} = S_{\text{н}} \cdot N = 0,065 \cdot 150 = 9,75 \text{ м}^2$$

- Кептіру бөлмесі:

$$S_{\text{суш.}} = S_{\text{н}} \cdot N = 0,2 \cdot 150 = 30 \text{ м}^2$$

- Тамақтану бөлмесі:

$$S_{\text{стро.}} = S_{\text{Н}} \cdot N = 0,455 \cdot 150 = 68,25 \text{ м}^2$$

Дәретхана ауданы:

$$S_{\text{дәр.}} = (0,7 \cdot N_{\text{Е}} \cdot 0,1) \cdot 0,7 + (1,4 \cdot N_{\text{Ә}} \cdot 0,1) \cdot 0,3 = (0,7 \cdot 150 \cdot 0,1) \cdot 0,7 + (1,4 \cdot 10 \cdot 0,1) \cdot 0,3 = 3,15 + 0,42 = 3,57$$

Қойманың талап етілетін ауданы:

$$S = \frac{P}{0,6} = \frac{34,9}{0,6} = 4,1$$

$$P = \frac{Q \cdot a \cdot n \cdot k}{T} = \frac{20000 \cdot 1,1 \cdot 0,5 \cdot 1,3}{410} = 58,2$$

Құрылыста қолданылатын аппараттарға байланысты трансформатор қуаты есептелінеді:

14 Кесте-Электр тұтынушы көздер

Электр энергиясын тұтынушылар	Тұтынылатын қуат, кВт
Дәнекерлеу аппараттары Т-22 – 4шт.	120
Подъемниктар - 2шт.	14,0
Штукатурка станциясы	7,0
Маляр станциясы	7,0
Компрессорлар – 5 шт.	20,0
Битумоварка - 1шт.	7,5
Бетонды жылытуға арналған қондырғы – 1шт.	30,0
Электрокалорифер – 1шт.	7,5
Сыртқы жарықтандыру құрылғылары	15,0
Тұрақты және қосалқы ғимараттарды жарықтандыру құрылғылары	40,0
Басқа тұтынушылар	27,0 (10%)
Барлығы:	295

Жалпы қуат:

$$P_0 = 1,05 \cdot 295 = 309,75 \text{ кВт}$$

15 Кесте-Таңдалған станция

Типі және маркасы	Қуаты, кВт	Кернеу, кВ		Масса, т
		ВН	ПН	
Типтік жылжымалы трансформатор КТПП – 320	320	35	0,4	7,0

3.6 Құрылыс алаңы жағдайында автокөлік қозғалысын ұйымдастыру

Автомобильдердің екі жақты қозғалысын қамтамасыз ету үшін негізгі жолдың ені кемінде 6 м болуы керек.

16 Кесте-Тұрақ алаңдарының өлшемдері

Ені	Ұзындығы		
	Жартылай тіркемесі бар автомобильдер үшін	Тіркемесі жоқ автомобильдер үшін	Тіркемесі бар автомобильдер үшін
3,5/4,5	12/12	20/20	24

Бұрылуға қажет жолдың ең аз:

$$B = 2 \cdot R + 8 = 2 \cdot 12,7 + 8 = 33,4 \text{ м}$$

3.7 Жұмыс жүргізудің күнтізбелік кестесі

Күнтізбелік жоспар ағынды әдіспен есептелінеді.

Жұмыс реттілігі	Жұмыс ұзақтығы, күндер						
	9	18	27	36	45	54	63
1	████████████████████						
2		████████████████████					
3			████████████████████				
4				████████████████████			
5					████████████████████		

4 Сурет- Ағындық әдіс күнтізбелік кестесі мысалы

3.8 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Жер жұмыстарын жүргізу кезінде ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 және жұмыс өндірісінің жобасында көзделген қауіпсіздік техникасының талаптарын сақтау қажет.

Жер жұмыстары басталғанға дейін барлық қолданыстағы жерасты коммуникацияларының нақты орналасуын белгілеу қажет. Олардың жанында

топырақты игеру тек осы коммуникацияларды пайдаланатын ұйымның рұқсатымен, ұйым өкілінің қатысуымен және прорабтың немесе шебердің бақылауымен жүзеге асырылады. Электр кабельдеріне, арынды су өткізгіштер мен газ құбырларына тікелей жақын жерде топырақты өңдеу соқпалы аспаптарды қолданбай жүргізіледі. Қазаншұңқыр мен Орды әзірлеу кезінде қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес құламалар салу. Экскаватор жұмыс істеп тұрған кезде оның шөмішінің немесе жебесінің астында болуға, кенжар жағынан жұмыс жүргізуге тыйым салынады. Топырақты автосамосвалдарға экскаватормен арт жағынан немесе бүйір жағынан тиеуге, экскаватор мен автомашина арасында адамдардың болуына тыйым салынады.

Қатып қалған топырақты жарылыс тәсілімен қопсыту кезінде адамдарды, ғимараттарды, құрылыстар мен механизмдерді жарылыстың қауіпті әсерінен қорғайтын қауіпсіз қашықтықты сақтау қажет.

Орнату жұмыстарын жүргізу кезінде келесі талаптарды қатаң сақтау қажет.

Жобалық жағдайға орнатылған элементтерді ілмектерден босату сенімді және берік бекітілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Жеткілікті қаттылығы жоқ элементтер көтеру және орнату кезеңіне бекітілуі тиіс.

Монтажшылардың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі құралдар қауіпті аймақтарды қоршау, жеке қорғаныс құралдарының көмегімен жұмыс орындарында қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Желді ауа-райында ерекше сақтық шараларын қолдану керек. Сыртқы ауаның теріс температурасы кезінде мұздануға қарсы күрес шараларын қолдану, оларды жұмыс жүргізілетін жерге барынша жақындата отырып, жылытуға арналған үй-жайларды жабдықтау қажет. Кранның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етіңіз, оның тұрақтылығын қамтамасыз етіңіз, ол қатаң көлденең және тік позицияларда сенімді негізге дұрыс орнатумен қамтамасыз етіледі.

4 Экономикалық бөлім

Сметалық құжаттама:

- жергілікті сметалар;
- объектілік сметалар;
- ресурстық сметалық есептер;
- құрылыс құнының жиынтық сметасы.

17 Кесте-Смета нәтижелері

Сметалық құны	28226,836 мың теңге
Нормативтік еңбек сыйымдылығы	30,405 адам-сағ
Сметалық жалақы	11867,001 мың теңге

2001 жылғы есептеулер құны 28226,836 теңге.

Ауысым коэффициенті:

$$K = \frac{АЕК_{2022}}{АЕК_{2001}} = \frac{3063}{775} = 3,95$$

2022 жыл бойынша:

$$3,95 \cdot 28226836 = 111496002,2 \text{ теңге}$$

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жұмыс тапсырмасы бойынша «Қарағанды қаласындағы студенттерге арналған заманауи жатахана» жобасы дайындалды. Дипломдық жұмыс сәулеттік-аналитикалық, есептік-құрылымдық, құрылыс өндірісінің технологиясы және экономикалық бөлімдерден тұрады.

Сәулеттік-аналитикалық бөлімге сәйкес ғимараттарды әрлеуге заманауи материалдар таңдалды. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың ыңғайлығын мен қауіпсіздігін ескеріп бас жоспар дайындалды. Бөлімде көлемдік жоспарлық және құрылымдық шешім тағайындалды. Осы бөлімде сыртқы қабырғаға жылу-техникалық есебі есептелінген

Есептік-құрылымдық бөлімге сәйкес ұстынның, жабын және аражабын тақталарының, арқалықтардың және қабырғалардың қималары, өлшемдері және материалдары таңдалды. Бөлімді ЛираСАПР 2013 қолданып орындалды. Бұл бағдарламаға ғимараттың есептік схемасы сызылып, оған жүктемелер мен жүктемелер комбинациясы берілді. Осы арқылы бағдарламадан қажетті есептеулер алынып, ғимараттың көтергіш қабілетіне жауап беретін құрылымдық шешімдер қабылданды. Лира бағдарламасынан алынған анализ арқылы ғимараттық көтергіш конструкцияларының арматуралау және құрылымдау жүзеге асырылды.

Құрылыс өндірісінің технологиясы бөлімінде құрылыстың бас жоспары, күнтізбелік кесте және тапсырма бойынша жер жұмыстарының технологиялық картасы дайындалды. Бөлімде машиналардың және механизмдердің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстыра заманауи кран, автосамосвал, бульдозер және каток таңдалынды. Және бөлімде құрылыс алаңының суға, электрге, жарыққа және тағы басқа қажеттіліктер есептелінді. Қажеттіліктерге байланысты құрылыстың бас жоспарында шаралар қолданылды.

Экономикалық бөлім Ехсел бағдарламасы арқылы қолмен есептелінді. Бөлімде жергілікті, объектілік, ресурстық сметалар және құрылыс құнының жиынтық сметалық есептері есептелінді. Есептеулер бойынша құрылыс құны 150070505,35 теңгеге бағаланды.

Дипломдық жоба ҚР ЕЖ, ҚР НТҚ, ҚР ҚНжЕ және ҚР ҚН нормативтік құжаттамалары бойынша орындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


- 1 ҚР ЕЖ 2.04-107-2013. Құрылыстық жылу техникасы. Астана, 2013ж.
- 2 ҚР ЕЖ EN 1991-1-1:2002/2011. Өзіндік салмағы, ғимаратқа түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер. Астана, 2011ж.
- 3 ҚР НТҚ 01-01-3.1(4.1)-2012. Ғимаратқа түсетін жүктемелер мен әсер ету. Қар жүктемелері. Желдің әсер етуі. Астана, 2012ж.
- 4 ҚР НТҚ 02-01-1.6-2013. Арқалығы жоқ арақабырғаларды есептеу және жобалау. Астана, 2013ж.
- 5 ҚР НТҚ 02-01-1.1-2011. Арматураны алдын-ала кернемей, ауыр бетоннан жасалған бетон және темірбетон конструкцияларды жобалау. Астана, 2011ж.
- 6 ҚР ЕЖ 2.04-01-2017. Құрылыс климатологиясы. Астана, 2012ж.
- 7 Ушакова В.Н., Цыганкова М.А. Производство земляных работ: методические указания к контрольной работе по дисциплине «Основы строительного производства» для студентов специальностей «Экономика и управление на предприятии (в строительстве)», «Бухгалтерский учет, анализ и аудит», всех форм обучения. Тюмень: РИО ГОУ ВПО ТюмГАСУ, 2011. – 38 с.
- 8 Кашкинбаев И.З. Расчёт и проектирование технологии и организации строительства: Учебное пособие. А.: КазНИТУ им. К.И. Сатпаева, 2017-149с.
- 9 ЛИРА-САПР. Книга I. Основы. Е.Б.Стрелец-Стрелецкий, А.В.Журавлев, Р.Ю. Водопьянов. Под ред. Академика РААСН, д.т.н., проф. А.С.Городецкого. Изд. LIRALAND, 2019.-154с
- 10 ҚР ЕЖ EN 1990. Күш түсетін конструкцияларды жобалау негіздері. Астана, 2016ж.
- 11 ҚР ЕЖ EN 1991. Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. Астана, 2016ж.
- 12 ҚР ЕЖ EN 1992. Темірбетон конструкциялар жобалау. Астана, 2016 ж.
- 13 ҚР ЕЖ 2.03-30-2017. Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс. Астана, 2018 ж.
- 14 ҚР ЕЖ 5.01-102-2013. Ғимараттар мен имараттардың іргелері. Астана, 2015ж.
- 15 ҚНЖЕ 2.01.07-85. Жүктемелер мен әсерлер.
- 16 БНЖБ 2-1. Механикаландырылған және қолмен жер жұмыстары.

Қосымшалар


А Қосымшасы

Ұстынды арматуралау және құрылымдау

Лира бағдарламасынан 1-ші этаждағы (В) осі мен (З) ось қиылысындағы ұстын таңдалды.



А.1 Сурет - Ұстынның планда орналасуы



А.2 Сурет - Ұстынның максималды иілу моменті және бойлық күш

Ұстынның бойлық арматурасын анықтау [4]

Максималды бойлық күш: $N_{Ed} = 71,89 \cdot 9,81 = 705,5 \text{ кН}$

Максималды момент: $M = 8,91 \cdot 9,81 = 87,4 \text{ кН} \cdot \text{м}$

Бетон классы C25/30, ауыр бетон, есептік кедергілері:

$$f_{cd} = f_{ck} \cdot a_{cc} / \gamma_c = 25 \cdot 0,85 / 1,5 = 14,17 \text{ МПа,}$$

А Қосымшасының жалғасы

Арматура классы S500, есептік кедергісі:

$$f_{yd} = f_{yk} / \gamma_s = 500 / 1,15 = 434,8 \text{ МПа.}$$

Ұстынның есептік ұзындығын анықтау

Бекіту талаптарына сәйкес ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 6.7-суретті қараңыз

$$l_0 = 0,5 \cdot l = 0,5 \cdot 3 = 1,5$$

Элементтің еркін ұзындығы тіректің үстіңгі және астыңғы бліктеріндегі босатпаларды ескере отырып ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.8.3.2(3)-т. (5.15) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$l_0 = 0,5 \cdot 3 \cdot \sqrt{\left(1 + \frac{0,1}{0,45 + 0,1}\right) \cdot \left(1 + \frac{0,1}{0,45 + 0,1}\right)} = 1,95 \text{ м}$$
$$1,95 \text{ м} > 0,5 \cdot l = 1,5$$

$l_0 = 1,95 \text{ м}$ қабылдаймыз.

Ұстынның шекті иілгіштігін анықтаймыз

Екінші түрге жататын әсерлер λ иілгіштік элементтің λ_{lim} шекті иілгіштігінен кем болса ескерілмеуі мүмкін.

$$\lambda \leq \lambda_{lim} \quad (2.5.1)$$

Иілгіштік мына формула бойынша анықталады

$$\lambda = \frac{l_0}{i} = \frac{1,95}{114,6} = 21,2 \text{ мм}$$
$$i = \sqrt{\frac{I}{A_c}} = \sqrt{\frac{2,1 \cdot 10^9}{400 \cdot 400}} = 114,6 \text{ мм}$$
$$I = \frac{b \cdot h^3}{12} = 2,1 \cdot 10^9 \text{ мм}^2$$

λ_{lim} ұсынылатын мәні ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.13N) формула бойынша анықталады

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \cdot A \cdot B \cdot C}{\sqrt{n}} = \frac{20 \cdot 0,7 \cdot 1,1 \cdot 1,28}{\sqrt{0,42}} = 30,42 \text{ мм}$$

Мұндағы $A = 0,7$; $B = 1,1$

$$C = 1,7 - r_m = 1,7 - 0,42 = 1,28$$

$$r_m = \frac{M_{01}}{M_{02}} = \frac{3,69}{8,91} = 0,42$$

Салыстырмалы бойлық күш салу n

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{705500}{400 \cdot 400 \cdot 14,17} = 0,31$$

Иілгіштігі жеткілікті, демек, екінші түрдегі әсерлер ескерілмейді

$$\lambda = 21,2 \text{ мм} \leq \lambda_{lim} = 30,42 \text{ мм}$$

А Қосымшасының жалғасы

Бірінші түрдегі иілетін момент:

$$M_{Ed} = M + N_{Ed} \cdot l \cdot \theta_i = 87,4 \text{ кН} \cdot \text{м} + 705,5 \text{ кН} \cdot 3,3 \cdot 0,0055 = 100,2 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Тірек үстінің бастапқы жылжуы (геометриялық жетілмегендік) (5.2 т.т. қараңыз ҚР ҚН ЕН 1992-1-1:2004/2011):

$$\theta_i = \theta_0 \cdot \alpha_h = \frac{1}{200} \cdot 1,1 = 0,0055$$

$$\theta_0 = \frac{1}{200}$$

$$\alpha_h = \frac{2}{\sqrt{l}} = \frac{2}{\sqrt{3}} = 1,1$$

Ұстынның бойлық арматуралануын есептеу

$$d = h - 50 = 400 - 50 = 350 \text{ мм}$$

$$\frac{c_1}{h} = \frac{c_2}{h} = 0,125$$

α_{Ed} және ν_{Ed} мәндерін мына формулалар арқылы табамыз:


$$\nu_{Ed} = \frac{N_{ed}}{b \cdot h \cdot f_{cd}} = \frac{705,5 \cdot 10^3}{400 \cdot 400 \cdot 14,17} = 0,31$$

$$\alpha_{Ed} = \frac{M_{ed}}{b \cdot h^2 \cdot f_{cd}} = \frac{100,2 \cdot 10^6}{400 \cdot 400^2 \cdot 14,17} = 0,11 \rightarrow w_{tot} = 0,31$$

$$A_{S,tot} = \omega_{tot} \cdot b \cdot h \cdot \left(\frac{f_{cd}}{f_{yd}} \right) = 0,31 \cdot 400 \cdot 400 \cdot \left(\frac{14,17}{434,8} \right) = 1619,4 \text{ мм}^2$$

Қабылданды: 4 стержень диаметрі 25 мм S500 ($A_{Stot} = 1964 \text{ мм}^2$) $A_{S1} = A_{S2} = 9,82 \text{ мм}^2$

Ұстынның көлденең арматурасын анықтау [5]



А.3 Сурет - Ұстынның максималды көлденең күш

А Қосымшасының жалғасы

Есептік түрде қабылданатын көлденең арматура учаскесінің ұзындығын көлденең күштер эпюрасына қарап анықтаймыз.

Ол үшін келесі формуламен бетон қабылдай алатын көлденең күшті анықтаймыз:

$$V_{Rd,c} = \left[\left(\frac{0,18}{\gamma_c} \cdot k (100 \rho_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right) \right] \cdot b_w \cdot d = \left[\left(\frac{0,18}{1,5} \cdot 1,76 (100 \cdot 0,014 \cdot 25)^{\frac{1}{3}} \right) \right] \cdot 400 \cdot 350 = 96,7 \text{ кН};$$

$$\text{мұндағы } k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{350}} = 1,76 \leq 2;$$

$$\rho_l = \frac{A_{S1}}{b_w \cdot d} = \frac{1964}{400 \cdot 350} = 0,014 \leq 0,02;$$

$$d = h - c_1 = 400 - 50 = 350 \text{ мм.}$$

бірақта кем дегенде

$$V_{Rd,c,min} = \left[0,035 \cdot k^{\frac{2}{3}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}} \right] \cdot b_w \cdot d = \left[0,035 \cdot 1,76^{\frac{2}{3}} \cdot 25^{\frac{1}{2}} \right] \cdot 400 \cdot 350 = 35,7 \text{ кН};$$

Бірінші есептік қиманы тіректен $d_z = 550$ мм қашықтықта тағайындаймыз.

Осы қимадағы көлденең күшейту:

$$V_{Ed} = 33,7 \text{ кН}$$

Көлденең арматуралаудың есептік учаскесінің ұзындық шегінде жағдай:

$$V_{Ed} = V_{Rd,sy}; V_{Ed} \leq V_{Rd,max}$$

Көлденең арматураның адымын $s = 200$ мм деп қабылдаймыз

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{d_z \cdot f_{sw} \cdot \cot \theta} = \frac{33,7 \cdot 10^3 \cdot 200}{550 \cdot 167 \cdot \cot 40^\circ} = 61,5 \text{ мм}^2$$

Қабылданды: $A_{sw} = 113 \text{ мм}^2$ 4 стержень диаметрі 6 мм S240 $s=200 \text{ мм}$;

Бұл ретте мынадай шарттар орындалуы тиіс:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,max} = \frac{v \cdot f_{cd} \cdot b_w \cdot d_z}{\cot\theta + \tan\theta} = \frac{0,54 \cdot 14,7 \cdot 400 \cdot 550}{1,192 + 0,839} = 859,9 \text{ кН}$$

$$V_{Ed} = 33,7 \text{ кН} \leq V_{Rd,max} = 859,9 \text{ кН} - \text{ шарт орындалды};$$

мұндағы v - созылу жағдайында және ауыр бетон үшін қысу кезінде бетон беріктігінің төмендеуін ескеретін коэффициент:

$$v = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}(\text{МПа})}{250}\right) = 0,6 \left(1 - \frac{25}{250}\right) = 0,54 \geq 0,5;$$

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{113 \cdot 167}{400 \cdot 200} = 0,24 \text{ МПа}$$

$$0,5 \cdot v \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,54 \cdot 14,7 = 4 \text{ МПа};$$

$$0,23 < 4 - \text{ шарт орындалды.}$$

Екінші есептік қиманы тіректен 1500 мм қашықтықта тағайындаймыз.

Осы қимадағы көлденең күшейту:

$$V_{Ed} = 33,7 \text{ кН}$$

Көлденең арматуралаудың есептік учаскесінің ұзындық шегінде жағдай:

$$V_{Ed} = V_{Rd,sy}; V_{Ed} \leq V_{Rd,max}$$

Көлденең арматураның адымын $s=400 \text{ мм}$ деп қабылдаймыз

А Қосымшасының жалғасы

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{d_z \cdot f_{sw} \cdot \cot\theta} = \frac{33,7 \cdot 10^3 \cdot 400}{1500 \cdot 167 \cdot \cot 40^\circ} = 45 \text{ мм}^2$$

Қабылданды: $A_{sw} = 113 \text{ мм}^2$ 4 стержень диаметрі 6 мм S240 $s=400 \text{ мм}$;

Бұл ретте мынадай шарттар орындалуы тиіс:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,max} = \frac{v \cdot f_{cd} \cdot b_w \cdot d_z}{\cot\theta + \tan\theta} = \frac{0,54 \cdot 14,7 \cdot 400 \cdot 1500}{1,192 + 0,839} = 2345 \text{ кН}$$

$$V_{Ed} = 33,7 \text{ кН} \leq V_{Rd,max} = 2345 \text{ кН} - \text{ шарт орындалды};$$

$$v = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}(\text{МПа})}{250}\right) = 0,6 \left(1 - \frac{25}{250}\right) = 0,54 \geq 0,5;$$

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{113 \cdot 167}{400 \cdot 400} = 0,12 \text{ МПа}$$

$$0,5 \cdot v \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,54 \cdot 14,7 = 4 \text{ МПа};$$

$$0,12 < 4 - \text{ шарт орындалды.}$$

Б Қосымшасы

Құрылымдарды деформацияға тексеру

Іргетас шөгуін анықтау

ҚР ЕЖ 5.01.102-2013 құжаттамасының В Қосымшасы бойынша іргетастың шөгілуін анықтаймыз.

Лира бағдарласының анализі бойынша максималды шөгілу $s_{max}=1,17$ см. Бұл рұқсат етілген мәннен (10 см) кіші. Яғни шөгу шарты орындалды.

Салыстырмалы шөгу айырымы:

$$\frac{(10,6 - 8,28)}{27000} = 0,000086 < \frac{\Delta S}{L} = 0,002$$

Шарт орындалды.

Аражабынды иілуге тексеру

ҚР ЕЖ EN 1992 құжаттамасының 7.4.1 пункті бойынша егер арқалықтың, плитаның немесе консоль арқалығының есептелген ауытқуы $1/250$ аралықтан асып кетсе, тірек құрылымының сыртқы түрі мен жалпы жарамдылығы бұзылуы мүмкін.

Х бағыты бойынша аражабынның ауытқуын тексереміз:

- Ж осі бойынша ауытқу тексеру

$$12,3 - 11,9 = 0,4 \text{ мм} < \frac{1}{250} \cdot L = \frac{1}{250} \cdot 4000 = 16 \text{ мм}$$

- Е осі бойынша ауытқу тексеру

$$12,6 - 11,9 = 0,7 \text{ мм} < \frac{1}{250} \cdot L = \frac{1}{250} \cdot 4000 = 16 \text{ мм}$$

- Екі осі орта жағына ауытқу тексеру

$$13,2 - 12,6 = 0,6 \text{ мм} < \frac{1}{250} \cdot L = \frac{1}{250} \cdot 4000 = 16 \text{ мм}$$

У бағыты бойынша аражабынның ауытқуын тексереміз:

- 1 осі бойынша ауытқу тексеру

$$12,6 - 11,9 = 0,7 \text{ мм} < \frac{1}{250} \cdot L = \frac{1}{250} \cdot 6000 = 24 \text{ мм}$$

- 2 осі бойынша ауытқу тексеру

$$13,1 - 11,9 = 1,2 \text{ мм} < \frac{1}{250} \cdot L = \frac{1}{250} \cdot 6000 = 24 \text{ мм}$$

- Екі осі орта жағына ауытқу тексеру

$$13,2 - 12,3 = 0,9 \text{ мм} < \frac{1}{250} \cdot L = \frac{1}{250} \cdot 6000 = 24 \text{ мм}$$

В Қосымшасы

Құрылыс техникаларын таңдау

Комплекстерді таңдау және жоспарлау нұсқаларын салыстыру кезінде жетекші және құрамдас машиналардың жұмысын бағалау ЕНиР 2-1 сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмыстарды өндірудің қабылданған нұсқасын негіздеу берілген уақыттағы жұмыстың ықтимал нұсқаларының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Экскаватор таңдау

Экскаватордың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстыра отырып таңдаймыз.

В.1 Кесте-Экскаватордың техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	JCB JS 220	LiuGong CLG933E	SHANTUI SE220	SANY SY365H
Масса, кг	21100	31800	21600	35200
Ковш сыйымдылығы, м ³	1,19	1,5	1,2	1.6
Жүру құрылғысының түрі	Гусеничный			
Ұзындығы, мм	8298	10650	9549	11530
Ені, мм	2490	3190	2800	3190
Биіктігі, мм	2992	3525	3073	3545
